

Сарбасова Гульзат Жакеевнаның «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны» тақырыбындағы «6D050300-Психология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу тақырыбы қазақстандық кәсіптік білім беруді жаңғыртудың қазіргі заманғы тенденцияларына, болашақ мамандарды даярлау сапасына қойылатын талаптарға, сондай-ақ, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында және нормативтік құжаттарда көрсетілген педагогикалық қызмет сапасын арттыруға сәйкес келеді.

Докторант «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысын орындауда өзінің дербестігін ғылыми әдебиеттермен, заңнамалық және нормативтік құжаттармен жұмыс жасауда; жаңа ережелерді түсіну және тұжырымдау қабілетінде; диагностикалық құралдарды таңдауда; зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдауда; диссертация қорытындысында ұсынылған негізгі тұжырымдар кезінде көрсетті.

Г.Ж. Сарбасованың диссертациялық зерттеуі ішкі бірлікке ие бола отырып дәйекті түрде баяндалған. Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толығымен ашады. Диссертацияның құрылымы кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертацияда ғылыми жаңалық принципі сақталған, зерттеудің ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамалары толығымен жаңа мәліметтерге ие. Әрбір тұжырымның мазмұны қойылған міндеттерді шешудегі ғылыми ізденістермен ғана емес, сонымен қатар, диссертациялық зерттеу мәселесін шешудегі автордың өз ұстанымымен де анықталады.

Зерттеудің сенімділігі пайдаланылған әдебиеттердің әртүрлілігімен, диссертацияның мақсаты мен қойылған міндеттеріне сәйкес келетін ғылыми-психологиялық зерттеу әдістерінің кешенін қолданумен, диссертациялық жұмыстағы қойылған мақсат пен міндеттердің дұрыстылығымен, жұмыстың жоспарлылығымен және кезеңділігімен, зерттеудің негізгі тұжырымдамаларын ЖОО-дағы оқу процесіне енгізумен расталады.

Диссертациялық жұмыста мәселенің контексті мен анықтамасы, мақсаттың теориялық негізі және зерттеудің әдіснамасы, зерттеу әдістемесі, құралдары, қатысушылар, процедурасы, деректерді талдау, зерттеу нәтижелері, талқылау, тараптардың зерттелмеуі, болашақ зерттеулер мен практикалық қорытындылар, әдебиеттер көрсетілген. Алынған эксперименттік мәліметтер мен тұжырымдар өзара байланысты және диссертациялық зерттеудің мақсаттарына сәйкес келеді.

Жұмыста алынған жаңа нәтижелер:

1. Эмоционалды икемділікті феномен ретінде зерттеудің қалыптасуы мен қазіргі жағдайы талданады.

2. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің мәні, мазмұны, құрылымы ашылды.

3. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту талаптары анықталды және оның дамуының құрылымдық-мазмұнды моделі жасалды.

4. Университеттегі болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың кешенді бағдарламасы жасалды және енгізілді.

5. Университеттегі болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың кешенді бағдарламасының тиімділігі эксперименттік тексерілді.

Орындалған жұмыстың барысында болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың кешенді бағдарламасы, «Психологтардың эмоционалды икемділігі» арнайы курсы, «Эмоционалды икемділікті дамыту» тренингтік бағдарламасы практикалық қызығушылық тудырады.

Г.Ж. Сарбасова докторантурада оқып жүрген кезінде өзін сауатты, жоғары білімді маман ретінде көрсете білді, терең теориялық зерттеулерді өз бетінше орындап, болашақ психологтардағы эмоционалды икемділікті зерттеу бойынша кең ауқымды эксперименттік жұмыстарды жүргізе алатынын көрсетті.

Диссертацияның негізгі идеялары тақырыбы бойынша жарияланған мақалаларда көрніс табады, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 4; халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында – 6; Scopus ғылыми журналдарының халықаралық деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда 1 мақала жарияланды, осымен қатар «Эмоционалды икемділік» атты оқу-әдістемелік құрал мен 1 авторлық куәлік жарыққа шықты.

Зерттеу жұмыстарымен қатар, Әлихан Бөкейхан университетінің Педагогика және психология кафедрасындағы негізгі пәндердің оқытушысы ретінде өзін жан-жақты және білімді маман ретінде көрсете білді және қойылған мәселелерді шеше алатын, қалыптасқан ғылыми қызметкер болып табылады.

Сарбасова Гульзат Жакеевнаның «6D050300-Психология» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы философиялық ғылымдар бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Диссертациялық кеңесте қарастыруға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы  
дәріпқау және аттестаттау басқармасының басшысы

**ЗАБЕРЯЮ**

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г.



**З.Б. Мадалиева**